

Мақтаарал аграрлық колледжі қамқоршылық кеңесі отырысы

ХАТТАМА №1

04.09.2019ж

Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:

- 1.2019-2020 оқу жылына колледждің Қамқоршылық Кеңесінің құрамын бекіту және ережесімен таныстыру
- 2.Қамқоршылық Кеңес мүшелерінің міндеттерімен таныстыру
- 3.2019-2020 оқу жылына арналған Қамқоршылық Кеңесінің жоспарын бекіту
- 4.Материалдық-техникалық базаны күшейту мәселелерін шешу үшін колледждің материалдық-техникалық базасымен танысу
- 5.Республикалық, аудандық және колледжішілік іс-шараларына колледждің Қамқоршылық Кеңесі мүшелерінің қатысуы

Мақтаарал аграрлық колледжі қамқоршылық кеңесінің төрағасы Мырзакулов Қалжан Кулмуратович кеңес мүшелерін күн тәртібіндегі мәселелермен және Қамқоршылық кеңестің ережесімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің бекітілген құрамы бойынша қандай ұсыныс бар екендігін сұрады. Кеңес мүшелері құрамға байланысты сұрақ жоқ екендігін айтты.

Екінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Қ. Мырзакулов кеңес мүшелерін кеңестің атқаратын жұмыс барысымен таныстырды.

Қамқоршылық кеңестің 2019-2020 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары кеңес мүшелерінің назарына ұсынылып, талданып, мақұлданып бекітілді. Кеңес мүшелері колледжде білім сапасын арттару мақсатында колледждің материалдық-техникалық базасын күшейту мәселелерін шешу үшін колледждің материалдық-техникалық базасымен танысуға колледж директоры Н.Алипбековпен келісіп бір күнді белгілеп, жоспарлады.

Ж.Нуртазин колледж кітапханасы қорын толықтыру мақсатында кітап алып беруді ұсынды. Бұл ұсыныс бірауыздан қолдау тапты.

Кеңес төрағасы Республикалық, қалалық және колледжішілік іс-шараларына колледждің Қамқоршылық Кеңесі мүшелерінің қатысуы кеңес мүшелерінің өз міндеттері туралы ақпараттар қорын молайтуға, жұмыстың алға басыуына ықпал ететінін айтты. Сондықтан іс-шараларға белсенді қатысуға шақырды.

Қаулы:

1.2019-2020 оқу жылына Мақтаарал аграрлық колледжі қамқоршылық кеңесінің бекітілген құрамымен жұмысын жалғастырсын.

1. Төрағасы: Мырзакулов Қалжан Кулмуратович
2. Мүшелері: Т.А.Ә. Нуртазин Жауқаш

3. Нуржанов Талғат Усмәналиевич
4. Жуманов Бақыт
5. Сейфуллаев Қалмурат Шакарович
6. Алтынбеков Қазыбек Маханбетович
7. Ботабеков Махан
8. Хасанова Гулжан Алиевна
9. Копжасаров Сундет Дарменбаевич.

2. 2019-2020 оқу жылына колледждің Қамқоршылық Кеңесінің жоспары бекітілсін.

3. Колледжге қажетті кітаптар алынсын, кітапханаға өтеусіз пайдалануға берілсін.

Кеңес төрағасы:  Қ.Мырзакулов

Хатшы:  Г.Хасанова